

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
«АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ» БАҒДАРЛАМАСЫНА
«ЖЫЛ БОЙҒЫ МЕРЕКЕЛЕР»
(1 жастан 3 жасқа дейін)

Сценарийлер жинағы

Астана
2013

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
«АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ» БАҒДАРЛАМАСЫНА
ЖЫЛ БОЙҒЫ МЕРЕКЕЛЕР
(1 жастан 3 жасқа дейін)

Сценарийлер жинағы

Астана
2013

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген*

Пікір жазған

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент *А. И. Омарбекова*
Астана қ. №45 «Самұрық» әдіскері *А. Т. Сапаралина*

Мектепке дейінгі ерте жастағы балаларға арналған «Алғашқы қадам» бағдарламасына «Мерекелер жыл бойы»: әдістемелік құрал. – Астана, 2013, 62 б.

Әдістемелік құрал мектепке дейінгі ұйымдардың музыкалық жетекшілері мен тәрбиешілеріне мектепке дейінгі ерте жастағы балалармен (1-3 жас) мерекелер және ойын-сауықтарды ұйымдастыру және өткізу үшін арналған. Әдістемелік және практикалық материал музыкалық жетекшілері мен тәрбиешілеріне арналған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы, 2013

КІРІСПЕ

Перинатальды дамытуда психолог-мамандар бала алғашқы дыбыстарды ана құрсағындағы сәттен бастап естиді деп бекітеді. Олар ата-анасының дауыстарын таниды және оларға белгі береді. Үрейлі музыка әлі дүниеге келмеген балада тамыр соғысының жиілеуін, ал жай музыка тыныштық шақырады. Бұл өзгерісті УДЗ арқылы баланың бет-аузынан көруге болады.

Кішкентай балалар музыканы күрделі акустикалық стимул ретінде қабылдайды. Олар көбінесе музыканың сипатын ғана елейді. Алайда болашақтағы музыкаға деген қарым-қатынас, онымен байланысты эмоциялар көп жағдайда бала өмірінің ең ерте жасында алынған музыкалық әсеріне байланысты болады.

Осы құрал мектепке дейінгі ұйымдардың музыкалық жетекшілері мен тәрбиешілеріне арналады. Мұнда авторлық ертеңгіліктер ұсынылған. Қолданылған материалдар желісі бала түсінігіне, олардың жас ерекшеліктеріне жеңіл және қолжетімді. Әдебиеттік материал тақырыптар және сюжеттері бойынша әртүрлі.

Сүйікті ертегі кейіпкерлері балаларды ұжымда достыққа, тәртіпке, ептілікке, өзара көмекке, адалдық пен мейірімділікке үйретеді. Ойындар, әндер, билер және жаттығулар мектепке дейінгі жастағы балалардың есте сақтауын, ынтасын, ой-қиялын жақсартады және шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамытады.

Мақсаты:

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық қызметкерлеріне «Алғашқы қадам» (3 жастан 5 жасқа дейінгі) мектепке дейінгі ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасына мерекелердің сценарийлерін құру бойынша (музыкалық жетекшілерге, тәрбиешілерге) әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелерді өткізудің қысқаша теориялық негізін беру;
- мектепке дейінгі ерте жастағы балаларға арналған мерекелердің тақырыптары мен мазмұнын ашу;
- мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелерді ұйымдастыру мен өткізудің әдістемесін ұсыну;
- музыкалық-педагогикалық ортаны ұйымдастыруда музыкалық жетекшілер мен тәрбиешілердің функциясын анықтау.

1. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМІН ДАМУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

1.1. Мектепке дейінгі ерте жастағы балалардың музыкалық білімін дамытудың түрлері мен формалары

Мектепке дейінгі ерте жастағы балалар үшін аптасына 3 сабақ өткізу (1 сабақ тек тыңдауға арналуы қажет) ұсынылады.

Ерте жастан музыканы тыңдау баланың музыкалық дамуының құралы ретінде маңызды рөл атқарады:

- музыкалық естуі дамиды: балаларды дыбыстың шығу көзіне көңіл аударуға және оны көзімен іздеуге, табуға, әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнауға үйретеді.

- музыкаға қызығушылығын арттырады: шағын көлемді музыкалық шығармалар тыңдайды, эмоционалдық жағдайын білдіреді.

- музыкалық-сенсорлық қабілеттері дамиды: дыбыс (биіктік, тембр, динамика – жай және қатты); регистрлар (төмен және жоғары, орташа және төмен, төмен және жоғары); қарқындары: (тез және бірқалыпты).

Тыңдау түрлері:

1. Ересектердің балаларға арналған ән сабағы. Ересектердің музыкалық аспаптың қолдауымен ән сабағы. Үлкен балалардың ересектердің қолдауымен ән сабағы.

2. Аспаптық музыка. Эстрадалық сүйемелдеусіз жанды дауыс.

3. Бала қызметінің шектемей топта тыңдау. Классикалық музыканың түпнұсқалық шедеврлерін қолдану.

4. Музыкамен суреттелген әңгіме. (2-3 мазмұнмен, тақырыппен біріктірілген пьесалар). Музыкалық шығармадан соң немесе музыкалық фоннан кейін әңгіме қысқаша және анық болуы қажет. Тыңдау кезінде сұрақ қоюға болмайды, себебі бұл – бекіту кезеңі. Ойыншық үлкен мағынаға ие болады: бұл балаға әнді танытын және егер бала оны айта салмаса ойыншық арқылы көрсететін тәсіл түрі.

5. Музыканы ойын түрінде тыңдау. Ойыншықтар арқылы жанамалау.

6. Музыкалық аспаптарды пайдалану. Әртүрлі аспаптарда шығармаларды орындау.

Музыкалық қабылдауды дамыту үшін шығарманы таңдау – ересектер үшін жауапты сәт. Алайда бұл жағдайда әрбір педагог төмендегі ережелерді сақтау қажет:

- Кішкентай баланы музыкаға, әсіресе классикалық әуенге тарту ересектермен эмоционалды қатынас үдерісінде біртіндеп жүреді;

- Музыка балаға қызықты, сипаты, тембрі, қарқыны, ашықтығы, көркемдігі жағынан жеткілікті болуы қажет;

- Қатты дауыстан, тез динамикалық, қарқынды қарама-қарсылықтан, аяқталмаған музыкалық фразалардан алыстау қажет;

- Кішкентай балаға жағымды эмоционалды көңіл-күй беретін музыкалар үйлеседі;

- Музыка баланың өз еркімен ойынына арналған фон болмауы қажет. Себебі бала оны байқамайтын болады, тіпті баланың қылығына әсер етіп, шаршатып та жіберуі мүмкін.

Музыканы қабылдауды дамыту үшін орыс және шет елдік классиктерінен шағын көлемді аяқталған музыкалық фрагменттер, халық музыкаларын, балалар хорының орындауымен әндерді, қысқаша аспаптық пьесаларды қолдану қажет. Оқытудың алғашқы кезеңінде музыкалық фрагменттері 20-30 секунд кұрайтын бірнеше фразалардан тұруы мүмкін.

Сәбидің ынтасын музыкаға аударту үшін балаға: «Қазір музыка ойнайды! Сондай әдемі!» деп айтыңыз. Музыка қатты дыбысталмауы қажет. Музыка ойналып тұрған сәтте баламен сөйлескеннен гөрі, музыкаға деген өзіңіздің қатынасыңызды мимикамен, көзқараспен, ырғақты қозғалыстармен сездірген жөн. Кішкентай бала өте белсенді болады. Ол ұзақ уақыт тапжылмай отыра алмайды. Музыканы қабылдау уақытын ұзарту үшін музыканың әуеніне сай ойын әрекеттерін іске қосыңыз. Бұл тербелу, қолымен қозғалу және т.б. болуы мүмкін. Музыкалық фрагментті баланың ынтасында сақталғанша тыңдау қажет, бірақ музыканы аяқтамай үзіп тастауға болмайды Музыкалық фрагмент аяқталған соң баламен өзіңіздің эмоционалды сезімдеріңізбен бөлісіңіз және бала шаршамаса тыңдауды жалғастырыңыз.

Сол себепті, ойын түрінде сіз баланы әлемдік музыкалық мәдениет туындыларына, оларға қызығушылық пен сүйіспеншілікке, әртүрлі музыкаға деген жағымды қатынас орнатуға баули аласыз.

Аудиожазба мен аспаптық ойнауларда музыка тыңдау және оның әуеніне қозғалу баланың музыкалық қана емес, жалпы дамуына да зор маңызы бар. Бұлар халықтық (лирикалық, би сазы, бесік жыры), танымал балалар әндері және т.б. болуы мүмкін. Ата-аналар балаларына ұйықтар алдында да және баланы сергіту үшін ойын әрекетіне қосу арқылы айтып беруіне болады.

Бала бойында музыкалық қабылдауды дамыта отырып, сіз олардың музыкаға деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін, музыкалық талғамын, музыкалық қабілеттерін, ынтасын қалыптастыруға ықпал ете аласыз.

Ән сабағы

Мақсаты - балаларды ән сабағына қатыстыру. Музыкалық тәрбиенің негізгі құралы. Есту, есте сақтау, зейін, ойлау қабілеттерін дамытып, өкпесін және барлық тыныс алу аппараттарын нығайтады.

1. Нәрестені үлкендердің ән салғандарын тыңдауға және оған өз дауысымен жауап беруге үйретеді. Әдістеме – ән салатын балалардың эмоционалдық ортасына мәнерлі әсері. Тәрбиеші және педагог әнді орындау кезінде балаларға қарап орындайды.

2. Баланы жеке дыбыстарды қайта айтуға үйретеді. Қатты айғалап ән айтуға болмайды. Артикуляцияны арттырмау керек. Әннің сөздері қарапайым және көп қайталану керек, сонда ғана бала ән айтуға мүмкіндігі болады.

Құстар бізге ұшып келіндер, бізге, бізге.

Мен құстарға дән беремін, беремін, беремін.

Бірінші, не пайда болады – шу пайда болады. Сонан соң дауыстарға еліктей бастайды: «ав-ав», «мяу» және т.б. Үшінші кезең – буындарға бөліп ән салу: «ля-ля», «баю-баю».

3. Өмірінің үшінші жылында нәресте жеке сөздерді әндетеді, ал сонан соң, кішігірім ұсыныстар пайда болады. Мақсаты – ән салу ырғағын дамыту және қалыптастыру. Сөздік қорының көлемін ескерген жөн. Балаларға таныс емес сөздер көп және белсенді сөздік қорында да қолданылмайды. 2 жасында – 200 сөз, 3 жасында – 1200-1500 сөз.

Балалардың жағдайында көптеген өзгерістер болуы мүмкін, көп шаршайды сондықтан көп көңіл бөлінбейді. Ән айту кезінде тұрып және залдың ішінде жүруге болады, егер ән қол ұстасып жүріп айтылатын ән болса. Әннің сөзін түсіну үшін және есінде сақтау үшін, ырғақты ұстау үшін қолдарымен қимыл-әрекеттер жасау керек.

Балалардың есінде сақталуы үшін және есту қабілеттерін дамыту үшін әуендерді бірнеше құрал-саймандарда ойнауға болады.

Әндерді жаттау әдісі:

1. Танысу - жанды, мәнерлі орындау. Балаларға тәрбиешімен және музыка жетекшісімен бірге қайталау керектігін айту. Егер балалардың көңіл-күйлері бұзылып, шаршаса онда бірінші кезеңді осымен аяқтау керек.

2. Балаларға әнді тауып, оны ату керек. Сүйемелдеусіз орындауға да болады, егер қиналса құралдармен сүйемелдеу керек.

3. Балалар әнді бір рет айтқаннан соң біледі. Өз еркімен айта бастайды. Баланың қабілеті мен жасына қарай барлық әндерді айтқызуға болады.

2-3 жастағы балалар бір жылда 10-12 әнді біледі.

Әндерді мерекелерде қолданады. Мерекелерде балалар 1 әнді толық айтып шығады немесе қосылып айтады. Әуенді ойындар қолданылады. Ертеңгіліктің ұзақтығы 20-25 минут. Мерекелерде ән айтқанда өздері үйренгендей тәрбиешіге немесе музыка жетекшісіне қарап айтады.

Музыкалық – ырғақты қимыл

Мақсаты – балалардың ырғақтық қабілеттерін мен есін, есту қабілетін дамыту.

Жаттығудың мақсаты – музыканы тыңдауды үйрету, оны қызықтыру, музыканы бөлісіп тыңдауға дайындау.

Сабақты ұйымдастырған кезде оның мақсатын ескеру керек. Ең дұрысы сабақты әнмен бастаған дұрыс немесе орындықта қолдармен және аяқпен ойнау керек.

Әдістеме

1. Жаттығуларды таңдау (жасы, топтағы балалардың ерекшеліктері, дене дамуы).

2. Тәрбиешімен алдын ала жұмыс. Әрқашан нақты және бірдей ырғақты көрсету керек, өзге қимылдарды көрсетсе балалар жаңылысады.

3. Кешіктірілме көрсету (3-4 сабақтан). Музыка жетекшісі көріністерді ойнайды, ал тәрбиеші көрсетуде кешігеді. Балалардың жартысы өз еркімен қимылдарды қайталайды, өзгелері тәрбиешіні күтеді.

Атрибуттарды қолдану (сылдырмақтар, қоңыраулар, қуыршақ, жалаушалар).

Бір жасқа дейін

Бала бір жасқа дейін 20-30 секунд ішінде ғана музыканы белсенді тыңдай алады. Бір сабақ 2-3 минутқа созылады.

Екі жасында

Тыңдаудың белсенді кезеңі 40 секундқа ғана созыла алады, үзіліс 1-2 секундты құрайды. Сабақ 2-3 минут. Жылына репертуарда 10-12 көрініс.

Үш жасында

Тыңдау кезеңінің белсенділігі 1-1,5 минут. Үзіліс 1-2 секунд. Сабақ 4-5 минут. Жылына репертуарда 12-15 көрініс.

1.2 Ерте жастағы балаларға музыкалық тәрбие берудегі жаңашыл әдістер

Мектепке дейінгі ерте жас – бұл баланың түрлі әрекеттерге араласуға мүмкіндік беретін алғашқы неіздері, қабілеттері қалыптасатын кезі. Соңғы жылдары музыкалық педагогика осы кезеңде балалардың музыкаға ерекше сезімтал екенін қарастырған. Бұл баланың музыкаға қабілеттілігін дамытудағы, музыкадағы «музыка» түсінігінің дамуында ерекше қолайлы сезімтал кезең. Музыкант-педагогтардың есептеуінше, баланы ертерек музыканың түрлерімен таныстырса – композиторлардың балаларға арнайы жазған классикалық, халықтық, музыкалық шығармалардың әртүрлі аспаптарда орындалуын, заманға сай стилін, балалардың музыкаға қызығушылығы мен сүйіспеншілігін дамыту кейін оның музыкалық мәдениет негіздерін қалыптастыру мен музыкалық қабілетін дамыту оңайға түседі. Дәл осы ерте жаста баланың кейінгі табысты музыкалық дамуының «мықты іргетасының қалануына» қолайлы жағдайлар жасалған.

Нақ осы ерте жаста жалпы музыкалық қабілеттің төмендегідей негіздері қалыптаса бастайды:

- Музыкаға эмоционалдық еліктеушілік;
- Музыкалық әрекеттерді меңгеруге қажет музыкалық-сенсорлық қабілеттер.

Заманауи педагогикалық ғылым ерте жастағы кезді – өмірдің алғашқы үш жылында – баланың тілін дамытудағы қолайлы «сенситивті» кезең деп қарастырады. Бұл тілдің дамуы қарқынды өскен кездегі мүмкіндіктердің кезеңі.

Дамытуда тіл үйретуді тым кеш бастау қолайлы кезеңдегідей рөл атқармайды. Сондықтан, ерте жастағы балалардың музыкалық және тілдік дамыту мәселесі өзекті болып саналуда. Сөйтіп, мереке өнердің барлық түрлерінің практикалық синтезі болып табылады. Ал олардың құралдарын балалармен жұмыста кеңінен қолдану, көзқарасты кеңейтуге мүмкіндік береді, баланың мінез-құлық ережесін және көзқарасын қалыптастырады, оның шығармашылық қабілетін бұзады. Әртүрлі әрекет түрлерінде бейімділік көрінеді, белгілі білік пен дағды қалыптасады. Мерекеледе балалар тек қана айтпайды, билейді, ән салады және сурет салады. Балалар өзінің қимылдарын әуен ырғағына бағындыруды, әуендік қарқынды ажыратуды, оларды сөздерімен қостап қимылдарында бейнелеуді үйренеді. Сауатты жазылған сценарийлер қалай болуы керек? Балалар мерекелері – туған күн, Жаңа жыл және көптеген бұқаралық мерекелер – бұл тағы да және балаға қоршаған ортаның мейрамдары мен алуан түрлілігі туралы айтуға мүмкіндік. Сондықтан балалар мерекелеріне тәрбиелік сәттер және танымдық тапсырмалар кіреді. Мысалы, қиялдауды, логикалық ойлау немесе зейінді дамытуға мүмкіндік беретін байқаулар мен жұмбақтар. Балалар мерекелері қайда өтуі мүмкін? Бұлар стадиондар, парктер, мәдениет орталықтары мен сарайлары, алаңдар және т.б, барлығы мерекенің тақырыбына, қашан өтетіндігі жылдың мезгіліне тәуелді. Таңдау алдағы балалар мерекесіне салынған тұжырымға тәуелді. Балалар мерекелерінің түрлері мен нысандары.

2. БАЛАЛАР МЕРЕКЕСІН ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР

2.1. Балалар мерекелерін топтастыру

Балабақшаларда балалар үшін төмендегі дәстүрлі мерекелер өткізіледі:

– **Күз мерекесі.** Әдетте қазан айында өткізіледі. Бұл жазбен қоштасу мерекесі. Зал сары жапырақтармен, көкөністер мен жемістер бейнелерімен безендірілген. Бұл мереке оқу жылындағы бірінші мереке болғандықтан, балалар сабақтарда негізінен материалды қайталаумен айналысқандықтан, мерекенің негізін ойындар мен ойын-сауықтар құрайды.

– **Жаңа жыл.** Балалар дәстүрлі Аяз Ата мен Ақшақарға барады. Балалар жасақталған шыршаның айналасында қол ұстасып ән айтып, билейді. Зал түрлі жылтырақтармен, жарқыраған шамдармен, ойыншықтар мен қарлармен безендіріледі. Балалар Аяз Атаға өздерінің өлеңдерін, әндерін, билерін орындайды. Жаңа жыл – барлығы үшін өте қуанышты мереке. Сондықтан, ол өте тамаша және жақсы есте қалады. Педагогтар көптеген ойындар, күтпеген сәттер ойлап табады. Балаларды Жаңа жылмен әртүрлі ертегі кейіпкерлері құттықтап келеді. Мерекенің соңында Аяз Ата балаларға сыйлықтар сыйлайды.

– **Сегізінші наурыз.** Балалар өздерінің аналарын, әжелерін, педагогтарын, тәрбиешілерін мерекесімен құттықтайды. Бейнелеу әрекеттері сабақтарында балалар аналарына, қыздарға сыйлықтар әзірлейді. Оларды сыйлау, кішіпейіл, ұқыпты болу түсіндіріледі.

– **Наурыз мерекесі.** **Наурыз** мейрамы — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (**наурыздың 22**) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Мұнда балалар ұлттық тағамдармен танысады, ұлттық ойындар ойнайды. Зал қазақ халқының киіз үйімен, оюларымен, бұйымдарымен, ыдыстарымен безендіріледі.

Бұл мерекелерді екі түрге бөлуге болады:

- Күнтізбелік – тақырыптық;
- Күз мерекесі, Жаңа жыл, Сегізінші наурыз

Мерекелердің негізгі мақсаттары

Түрі	Мерекенің атауы	Мақсаты
Күнтізбелік	Сегізінші наурыз	Анаға құрмет және сыйлау сезімін тәрбиелеу
	Жаңа жыл	Балаларға мерекенің ғажайып, қуанышты оқиға екенін түсіндіру
	Күз мерекесі	Табиғаттағы кереметті көруге тәрбиелеу

2.2. Балалар мерекелерін өткізу ерекшеліктері

Балалық — бұл тек жай өмірдің бір бөлігі ғана емес. Бұл әр күні көп нәрсе жаңадан ашылатын, барлығы таңқаларлық және еліктіретін болып көрінетін тұтас өмір. Әрине балалық – үнемі ғажайыпты күту, өйткені бала үшін ғажайыпқа сену әдеттегі емес күнделікті жай. Осы жерден көк тікұшақтағы және бес жүз эскимолы сиқыршыға деген үміт. Біз бала мен оның достары үшін ғажайып мереке ұйымдастыра білуіміз керек. Балаға – ғажайып, өзіміздің мерекеге салынған ақшаларымызды қалай ақтауға болады. Талғампаз балалар топтарын қалай таңдандыруға болады? Олардың таңқалған «рахмет!», «керемет!», «оау!» деген сөздерін қалай алуға болады? Әрбір сценарий осындай сұрақтарға жауап беретіндей болуы керек.

3. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛЕР СЦЕНАРИЙЛЕРІ

Күнде өсіп келеміз! (Ойын-сауық) II кіші топ

Балалар көңілді әуенмен ән-күй залына кіреді.

Тәрбиеші: Балалар, сендер үлкен болып өсіп келе жатырсыңдар. Ән, өлең айтып, жұмбақ шеше аласыңдар ма?

Балалар: Иә.

Тақпақ:

Бала, бала, баламыз,
Бақшамызға барамыз.
Күні бойы қызыққа,
Батамызда қаламыз.

Иілеміз оңға бір,
Иілеміз солға бір.
Тәрбиеші қарайды,
Аяққа бір, қолға бір.

Тәрбиеші: Сендер таңертең қайда келесіңдер?

Балалар: Балабақшаға.

Тәрбиеші: Балалар дұрыс айтасыңдар. Ендеше біз балабақша әнін айтайық.

Ән: «Біздің балабақшамыз»

Тәрбиеші: Тамаша!

Тәрбиеші: Балалар сендер оңымызды, солымызды танып келесіңдер. Қолымызды, аяғымызды ажырата аласыңдар. Сендермен ойын ойнағым келіп тұрғаны. Ойнаймыз ба? Балалар.

Ойын: «Қолдарымыз қайда біздің»

Тәрбиеші: Тамаша! Көңілді көтеріп сергіп қалдық. Балабақшада не істейсіңдер?

Балалар: Балалар жауаптары.

Әуенді қимыл-қозғалыс: «Күнде өсіп келеміз»

Ән: «Гүлдер ай»

Музыка естіледі (Түлкі кіреді)

Түлкі: Сәлеметсіңдер ме! Балалар мен қоянымды іздеп жүр едім, әдемі ән естіп қалдым қайдан шығып жатыр.

Тәрбиеші: Бұл біздің балалардың әні.

Түлкі: Менде сендердің әндеріңді тыңдағым келеді. Бірақта қоянымды іздеп жүрмін. Сендер көрдіңдер ме?

Тәрбиеші: Біздің балалар білетін шығар.

Тақпақ: Ұзын құлақ сұр қоян,
Естіп қалып сыбдырды,
Ойлы, қырлы, жерлерден,
Ытқып-ытқып жүгірді.

Тәрбиеші: Міне, балалардың өздері айтып тұр. Қояныңыз ытқып-ытқып секіріп кетіпті.

Ойын: «Қояндар мен қу түлкі»

Түлкі: Сендермен көңілді. Мен қоянымды іздеп тауып алайын. Бірақ, сендер маған ән айтып, би билеп беріңдерші. Ән айтқан балалардың бәріне кәмпит беремін.

Тәрбиеші: Түлкіжан сен бізді алдап кетпейсіз бе? Құлығыңды асырмайсың ба?

Түлкі: Жо-о-қ өтірік алдамаймын.

Би: «Топ-топ балақан» ортақ би.

Түлкі: Ой, қояным кетіп бара жатыр. Кеттім,кеттім ұстап алайын! Деп қашып кетеді.

Тәрбиеші: Балалар қу түлкі бізді алдап кетті. Бізге кәмпит берем деп еді бермей кетіп қалды. Не істедік балалар? Кампит жегілерің келеме? Ендеше, өзіміз жасап алайық.

Балалар кампит жасайды,сиқырлы қорапқа салады.

Сиқырлы әлем: «Кәмпит жасау»

Балаларға кәмпит таратылады.

Тәрбиеші: Осымен, балалар, ойын-сауығымыз аяқталды. Барлығымыз топқа барып тәтті кәмпитімізді жейміз.

Балалар көңілді әуенмен шығады.

Дос болайық бәріміз!
(Ойын-сауық)
II кіші топ

Балалар көңілді әуенмен залға кіреді. Екі жаққа бөлініп отырады.

Тәрбиеші: Бейбітшілік өмірдің
Туы қолда толқыған.
Жадыраған көңілдің
Күйі керней ағылған.
Майдың жыры, май үні,
Аралай түс жер шарын.
Нұрыңды төк, май күні,
Ал құлашқа ел таңын!

- Балалар, көктемде әдемі көңілді мерекелер өте көп. Наурыз мерекесі, аналардың мерекесі, ал енді, 1 мамыр күні бізге достық мерекесі келе жатыр.

Айтыңдаршы, сендер тату-дос балаларсыңдар ма? Бірге ойнап, бірге жүресіңдер ме? Әрине, сендер тату-тәтті доссыңдар. Біздің балабақшамызда әр түрлі ұлттың балалары бар, бәрі тату өмір сүреді. Солай жер бетіндегі бар адамдар тату өмір сүру керек. Осы достық мерекесі достыққа шақырады. Сондықтан, біз бүгін осында жиналып отырмыз. Бүгін әр ұлттың ойынын ойнап, көңілді әндерді айтып, би билейік. Біздің көңілді бақытты өміріміз туралы бір ән шырқап жіберейік.

Балалардың тақпақтары.

Ән: « Біз өмірдің гүліміз »

Тәрбиеші: Тамаша балалар!

Достық- біздің сиқырлы шеңберіміз,
Достық -біздің достарға сенгеніміз.
Достық -таңнан біреумен достасуың,
Достық -кеште достармен қоштасуың.

Достармен көңілді сәлемдесеміз!

(Қимыл қозғалыс арқылы сәлемдесу: Сәлем! Хеллоу, Привет!)

Көңілді жаттығуымызды айтайық.

Біз екеуіміз ерте тұрдық керілдік (керіледі)

Балабақшаға бет алдық (аяқ басып)

Онда ойыншық жануарлар (секіреді)

Күтуде балаларды (аяқ басып)

Жаттығумен күн бастап (иіледі оңға,солға)

Би билеп әнімізді саламыз (би билейді)

Көрмесек бір бірімізді саағынамыз (отырып мұңаяды)

Балабақшам бәрібірде көңілді. (секіреді, қуанады)

Достарыммен тату тәтті жүремін. (қол шапалақтайды, құшақтасады)

Қоңырау соғылады.

Тәрбиеші: Балалар ненің дауысы естіледі. Барлықтарын отырыңдар. Бізге қонаққа Леопольд келді.

(Залға ән ырғағымен Леопольд кіреді.)

Мысық Леопольд пен тышқандардың көрінісі

Мысық Леопольд:

Сәлеметсіздер ме, балалар! Сәлеметсіздер ме, қонақтар. Мен сендерге мереке болатынын біліп тілек тілеуші жеті түрлі деген гүлді өсіріп алып келдім.

(Қызыл бантик байланған қорап шығарады)

Мысық Леопольд:

Ой-ой-ой, мен үйде гүлдің қолдану тәсілін ұмытып кетіппін, тез барып алып келейін.

(Кетіп қалады)

(Тышқандар жүгіріп келеді.)

1-тышқан:

Леопольд, шық.

2-тышқан:

Қорқақ, шық.

1-тышқан:

Неге үндемейсің?

2-тышқан:

Ол бір жаққа кетіп қалды.

1-тышқан:

Ал, қорап ше?

2-тышқан:

Осында тұр.

1-тышқан:

Онда біз оған тосын сый жасап қоямыз. (Сары бантикпен байланған қорапты алып келіп, жанына қояды.) Қораптарды ауыстырып қоямыз, Леопольд ашады, ал онда «Бах!» (Қолдарын қағып күледі)

Аяқтепкіштің қоңырауы естіледі.

2-тышқан:

Қорапты ал, қашайық бұл жерден!

Леопольд шығып қолдану тәсілін оқиды.

Бұл жеті түрлі гүл, ол мейірімді-дос балаларға бақыт әкелетін гүл.

(Қорапты ашып гүлді алып шығады)

1-тышқан:

Бұл қалай болғаны, біз қорапты ауыстырып қойып едік қой?

2-тышқан:

«Бах» қайда?

1-тышқан:

Білмеймін, қане қарайықшы!

(Қорапты ашса, қорапта шар жарылады. Тышқандар қорқып құлайды)

Мысық Леопольд: Сендер солай менің балаларға деген сыйлықтарымды құртайын дедіңдер ме? Әне жазаларыңды алдыңдар. Ұялсаңдар етті?

Тышқандар: Кешірші бізді, Леопольд! Өтінем, кешірші!

Мысық Леопольд: Кешіреміз бе? Балалар!

Балалар: Кешіреміз!

Мысық Леопольд: Балалар, бәріміз тек достықта өмір сүрейік!

Ән: «Балабақшада»

Мысық Леопольд: Маған осындай әндер ұнайды. Ал енді маған үйге қайтуым керек. Мені игі істер күтуде. Адамдарға жақсылық жасау менің сүйікті ісім. Сендерге алып келген сыйлығымды тәрбиеші апайларына тастап кетем. Сау болыңдар балалар! Бәріміз тату тәтті өмір сүрейік.

(Мысық Леопольд шығып кетеді)

Тәрбиеші гүлді ұстап тұрып, балаларға әркім өз арманын айтса осы гүлдің күлтелері арқылы орындалады дейді. Гүлдің күлтелерін алып алақандарына алып ұшырады. Және қонақтарға да ұсынады.

Тәрбиеші: Осымен біздің достық мерекесіне арналған ойын –сауығымыз аяқталды. Ал қазір біз, балалар қайтадан шеңберге тұрып бір-бірімізге жылы сөздер айтайық.

Балалар: Біз балдырған тең басқан,

Дос құшағын елге ашқан.
Тілегіміз тыныштық,
Ашық болсын кең аспан.
Мықты болсын іргеміз,
Бәріміз де біргеміз.

Жаңа жыл мерекесі

I кіші топ

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, балалар! Міне, біздің ең көңілді, ең сүйікті мерекеміз жаңа жыл да келіп қалды. Сендерді көңілді ойын-сауықтар, сыйлықтар күтіп тұр. Балалар қараңдаршы, қандай әдемі шырша. Бұл шыршаны Аяз Ата орманнан жіберіпті әдемі ойыншықтар тізілген. Осы ойыншықтарға арнап әдемі би орындайық.

Би: « Ойыншықтар биі»

(Алыстан бір дауыс естіледі)

Аққала: Көмектесіңдер! Көмектесіңдер! Қардан шыға алмай қалдым.

Тәрбиеші: Балалар бір дауыс естіледі. Көмектесеміз бе?

Балалар: Иә! (балалар арқанды тартып алып шығады.)

Аққала: Ой, балалар сендерге көп – көп рахмет маған жақсы көмектестіңдер. Менің қояным қайда? Менің жанымда қояным бар еді.

(Қоянның дауысы шығады)

Қоян: Көмектесіңдер! Көмектесіңдер!

Тәрбиеші: Балалар көмектесеміз бе?

Балалар: Иә! (Балалар арқанмен тартып шығарады. Қардың астынан қоян шығады. Қорқып тұрады.)

Тәрбиеші: Қоян қорықпа бұл балалар ғой. Балалар бізге қонаққа қоянда келді.

Қоян: Сәлеметсіңдер ме! Балалар. Біз Аққала екеуміз Аяз Атаның хатын әкеле жатып, қатты боран соғып, қардың астында қалып қойдық, алып шыққандарына көп-көп рахмет! Сендерге хат әкелдім.

Тәрбиеші: Қане хатыңды алып көрейін. Мына хатта Аяз Ата көңілдеріңді сылдырмақпен көтеріңдер мен келе жатырмын – депті.

(Қоян сылдырмақтарды таратып береді.)

Ән: «Сылдырмақ»

Аққала: Ойын ойнап, ән салып,
Біз өсеміз, өсеміз.
Жүгіреміз, жүреміз,
Ойынға біз тоймаймыз.

Ойын: Қане, қызық ойын бар!

Жүреміз, жүгіреміз (Тәрбиеші, аққала, қоян бірге ойнайды)

Көңілді ойынмен орындарына отырады.

Тәрбиеші: Балалар, шыршамыз жанбай тұр. Осыны жағу үшін бізге кім керек?

Балалар: Аяз Ата!

Тәрбиеші: Балалар, Аяз Атаны шақырайық!

Балалар: Аяз Ата (3 рет)

Аққала мен қоян: Біз Аяз Атаның алдынан шығайық.

Тәрбиеші: Көңілді бимен қарсы алайық!

Би: «Біз көңілді баламыз».

Аяз ата! 3 рет

Аяз Ата кіреді. Қолында шанасы.

Аяз ата: Амансың ба ұлдарым,
Амансыз ба қыздарым!
Қандай жарқын жүздерің,
Қандай әсем билерің.
Аяз Ата сендерге
Шаршап келді алыстан.

Тәрбиеші: Аяз Ата, сені көптен күттік. Аяз Атаны сағындық. Қош келдіңіз!

Тақпақтар.

Ән: «Жаңа жылды қарсы алайық»

Аяз ата: Қандай әсем жырларың!

Ақшақар: Шаршағаным да басылып қалды. Сендерге мен ойын алып келдім. **Ойын: «Қар түйіршіктерін жинау».**

Тәрбиеші: Аяз Ата, бізге сыйлықтарыңыз бар ма?

Аяз ата: Иә, бар! Қабымды ашайын, сыйлығымды берейін.

Құттықтау сөз. Аяз Ата қоштасып шығып кетеді.

Тәрбиеші: Сіздерге арналған шағын ертеңгілігіміз аяқталды. Бүлдіршіндердің «Жаңа жыл» биін тамашалаңыздар.

Көңілді әуенмен шығады.

Жаңа жыл мерекесі

II кіші топ

Балалар көңілді әуенмен кіреді.

Тәрбиеші: Құттықтау сөз.

Құрметті қонақтар, балалар! Жаңа жылы бәрімізге мол бақыт, тек қана жақсылық әкелсін! Осы кішкентай сәбилеріңіздің сыңғырлаған күлкісі кетпесін! Қандай әсем шыршамыз, Көз тоймайды қараса. Бәріміз қосылып шырша жырын орындайық.

Ән: Шырша жыры

Тақпақтар:

Тәрбиеші: Балалар, қарандаршы, мына таңғажайып үйді. Бұл үйде кім тұрады екен? Қане, мен мына қоңырауды қазір соғайын. Кім шығады екен?

(Қарша қыз шығады)

Қаршақыз: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен мына үйде атаммен бірге тұрамын. Үйде от жақпаймыз, өйткені атам оттан қорқады, мен де оттан қорқамын. Мені Қаршақыз дейді. Менің ақшақар сіңлілерім ұшып келіндер, би билеп өнер көрсетіңдер!

Би: Ақшақар

Ақшақар: Мерекеге мен келдім. Әдемі кітабымды ала келдім. Сендер қызығын көре тұрыңдар! Мен қазір келемін. (Үйіне кіріп кетеді)

Тәрбиеші: (Кітапты ашады)

Көрініс:

Өтірік Аяз ата: Өңкей жүгірмектер жиналып қалыпсыңдар! Біз де жеттік ортаға.

Өтірік Ақшақар: Қандай әдемісіңдер! Біздің киіміміз сондай әдемі емес.

Тәрбиеші: Балалар, сендер оларға сенесіңдер ме?

Балалар: Жоқ!

Өтірік Аяз ата: Әй, жүгірмектер, неге сенбейсідер? Мен Аяз Атамды ғой.

Өтірік Ақшақар: Міне, мен де қандай әдемімін!

Тәрбиеші: Сіздер Аяз ата-Ақшақар болсаңыздар, дәлелдеңіздер!

Өтірік Аяз ата әні: Мен Аяз Атамын,
Сыйлықты сатамын.
Аяз бен елді қатырып,

Өзім мәз болып отырамын.

Әкел ақшанды, міне сыйлық!

(Сыйлыққа кәмпит береді).

Тәрбиеші: Өтірікші, мынау кәмпит емес қой!

Балалар: Жооқ, Сіз Аяз Ата, Ақшақар емессіз!

Тәрбиеші: Балалар, егер кітабымызды жапсақ, олар шынға айналуы мүмкін. Қане, жауып көрейін! (Кітапты жабады).

Тәрбиеші: Балалар, сонда біздің Аяз Атамыз, Ақшақарымыз келгенше көңілді би билейік!

Би: Достарым, кел, билейік!

Тәрбиеші: Жаңа жыл мерекесінде Қаршақыздың жанында кім болуы керек?

Балалар: Аяз ата!

Тәрбиеші: Әрине, бізге Аяз ата жетіспейді! Қане, бәріміз Аяз Атаны шақырайық! Аяз Ата! (3 рет қайталайды).

Аяз ата кіреді.

Аяз Ата: Армысыңдар, балалар! Бармысыңдар, халайық! Жету үшін сендерге көптеген алыс елдерден, таныс емес жерлерден, мерекеге келдім мен!

Жаңа жылды қарсы алуға жақсылап дайындалған екенсіңдер! Киімдерің қандай тамаша! Жарайсыңдар! Шыршаларың қандай көрікті! Тек қана шамын жағайық! Қане, барлығымыз сыйқырлы сөзімізді айтайық. Шырша, шырша жарқыра ! (3 рет).

Пай-пай! Бәрекелді! Ғажап!

Тәрбиеші: Шыршаны айнала қоршап Аяз Атамызға әнімізді орындайық.

Ән: Аяз Ата.

Тәрбиеші: Аяз Ата, біз сізбен ойнағымыз келеді!

Аяз ата: Ойнасақ ойнайық!

Ойын: Қар, Боран, Жел.

Аяз Ата: Керемет! Керемет! Сендер мені қуанттыңдар!

Тәрбиеші: Жаңа жылға дайындаған тақпақтары бар. Назар салып тыңдаңыз!

Тақпақтар

Аяз Ата: Менің де кететін уақытым болды (Бүлдіршіндер қол ұстасып жібермейді).

Балалар: Бізбен бірге би билеңіз!

Би: Буги-вуги!

Ойын: «Қар жинау»

Тәрбиеші: Асықпаңыз Аяз Ата, есіңізге түсіріңізші! Сіз ештеңе ұмытқан жоқсыз ба?

Аяз Ата: Пай-пай! Аяз Ата – Аяз Атамыз қартайды. Мен балаларға ең басты сыйлығымды беруге ұмытып кетіппін ғой. Қабыл алыңдар, қонаққа келген пингвин достарымның биі! Қане, ортаға шығып, би билеп беріңдер!

Би: Пингвин (Соңында мұз әкеліп қояды).

Аяз Ата: Мынау мұз жай мұз емес! Егер сендер қаласаңдар, мен мұны сыйлыққа айналдырамын!

Балалар: Қалаймыз!

Аяз ата: Бір, екі, үш – айнал мұзым сыйлыққа!

Тәрбиеші: Бәрекелді! Рахмет, Аяз Ата! Ендеше біздің әнімізді қабыл алыңыз!

Ән: Жаңа жыл

Аяз Ата: Мінеки, достарым, кететін уақыт та таяп қалды. Амандық болса, бір жылдан соң қайтып ораламын. Хош сау болыңдар!

Қаршақыз: Келесі жүздескенше!

Тәрбиеші: Жаңа жыл барлығымызға құт береке, мереке алып келсін!
Осымен ертеңгілігіміз аяқталды.

Жасыл шырша жанында

Ортаңғы топ

Залдың іші әсем безендірілген. Балалар көңілді әуенмен залға кіреді.

Тәрбиеші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймын деген үн,
Қанаттана кең алқапқа тарайды.

Құттықтау сөз: Құрметті қонақтар, балалар! Жаңа жыл бәрімізге мол бақыт, зор денсаулық, жаңа табыс, тек қана жақсылық әкелсін,

1-бала: Ескі жылмен қоштасып,
Шығарып сап келеміз.
Жаңа жылмен достасып,
Алға басып келеміз.

2-бала: Жаңа жылды қарсы алып,
Би билейміз ән салып.
Бала бақша ішінде,
Қуанамыз баршамыз.

3- бала: Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағынған.
Міне сұлу шыршамыз,
Көптен күтіп сағынған.

4-бала: Шамдары самсаған,
Шыршамыз тұр жараса,
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

5-бала: Тамаша, тамаша,
Қандай қызық тамаша.
Аяз Ата ортада,
Қуанады балаша.

6- бала: Жаңа-жыл! Жаңа жыл!

Жаңа жылда-жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр.

Тәрбиеші: Шырша жырын барлығымыз қосылып әнге салайық.

Ән: «Шырша жыры» (қолдарымен бір-бірімен тізбектеліп, шеңберге тұрады)

Шыршаның артынан қояндар секіріп шығады.

1- Қоян: Ау, жараңдар, ал қараңдар!
Жауып тұр қар себелеп.
Көкке толды, жерге қонды,
Сансыз аппақ көбелек.

2- Қоян: Тым алыстан, Марстан,
Келеді Аяз атамыз.
Жылды тойлап, билеп, ойнап,
Көп қызыққа батамыз.

Секіріп билеп жүргенде алдынан аю шығады, қояндар қорқып тұрып.

Қояндар: Амансың ба? Аю паң !

Аю: Жаңа жылдың алдында,
Тойды еске алдымда,
Ұйқымды ашып сегідім,
Ұйықтамаймын мен бүгін.
Жылды қарсы алайық,
Би билеп ән салайық!

Қояндар: Жаңа жылда,
Жан салайық ойынға!

(Қояндар аю қол ұстасып би билейді. Сол кезде майысып түлкі кіреді)

Түлкі: Қоянжанға бір сәлем!
Аю панға бір сәлем!

Аю, қоян: Аман ба, түлкі кел, мұнда!

Түлкі: Достарым жаңа жыл келді,
Сыйлығын ол ала келді.

Аю паң, қоянжаным Аяз Ата адасып кетіпті, көмекке шақырып жатыр. Сендер оң жақтан, мен сол жақтан барайын - деп шыршаны бір айналып шығып кетеді.

Тәрбиеші: Балалар Аяз Ата адасып кетіпті. Қане дауыстап шақырайық.

Балалар: Аяз Ата ! Аяз Ата!

(Аяз Атаның орнына Түлкі кіреді де шыршаны айналып, қонақтардың алдына келіп, шыршаны көріп қалады.)

Түлкі: Пай-пай! Шыршаның кереметін-ай. Оларды жақсы алдадым ғой. Тамаша болды. Мына шыршаны үйге алып кетсем бе екен! (Осы кезде төменге еңкейіп шыршаны тырмалай бастайды, түйірімен алып кетемін деп сөйлей бастайды.)

Тәрбиеші: Түлкіжан тоқтай тұр! Не істеп жатырсың?

Түлкі: Қазір қасекені алып келемін өзіміз жаңа жылды тойлайтын боламыз.(Ешкімнің сөзіне мән бермей жұла бастайды.)

Тәрбиеші: “Жаңа жыл” мейрамын тойлап жатырмыз. Тимеңіз шыршамызға (түлкі сөзіне мән бермей былай дейді).

Түлкі: Туу! (маңдайдағы терін сүртіп, тұрып) Мына шыршаның тамырының терең отырғызылғаны-ай жұлынбайды ғой сол кезде жылтыраған кілтті көріп қалады да) Мынау қандай қызық кілт өзі, осы бағанада жылтыраған сандық көріп едім соның кілті шығар. Соның ішінде тәттілер, дәмділер ақшада бар шығар. Шыршаға теймей ақ қояын осы кілтпен барып ашайын тамағына тойып, ақшасына байып қалайын- деп кетіп бара жатқанда бір жылтыр таяқ түсіп қалады.

Тәрбиеші: Бұл не екен өзі? (Тәрбиеші оны алып қояды)

Қане тойды жалғастырайық. Аяз Ата кешікті ғой. Мүмкін адасып кеткен шығар әнімізді шырқап Аяз Атамызды шақырайық.

Ән: “Аяз Ата” (жаңа жылда барлық үйге Аяз Ата келеді) Орындарынан тұрып шеңберге тұрады.

(Есіктің сыртынан дауыстар естіліп , іле шала Аяз Ата мен ақшақар кіреді. Аяз Ата Ақшақарды қолынан жетектеп кіргізеді. Ол кіргісі келмейді.)

Аяз ата: Қане балалармен амандасайық!

Аяулы аналарға! Құрметті әкелерге!

Ардақты ұл-қыздарға,
Бүлдіршін балаларға,
Сәлем бердік!
Қандай жарқын жүздерің,
Қандай әсем жырларың,
Асулармен алысқан,
Асу желмен жарысқан,
Аталарың сендерге,
Шаршап келді алыстан.

Балалар: Амандасады.

Аяз ата: Рахмет, рахмет балаларым! Киімдерің қандай әдемі, шырша да әсем безендірілген. Бәрі де әсем сұлуланып кетіпті.

Тақпақтар:

Тәрбиеші: Шырша шамын жағайық!

Ақшақар: Қойыңыз Аяз Ата! Сіз таяғыңызбен қатырып тастайсыз

Тәрбиеші: Ақшақар көңілін түспесін оданда балалармен шаңғы жарысын ойнайық.

Ойын: “Шаңғы жарысы”

Тәрбиеші: Ақшақар сиқырлы таяғың қандай еді?

Ақшақар: Менің таяғым әдемі, жылтыр. Сендер оны көрмедіңдер ме?

Тәрбиеші: Жаңа мұнда қу түлкі келіп еді, қалтасынан бір жылтыр зат түсіп қалды, сол емес пе екен. Қане қоян жаным, аю балаларым көмектесіңдер, тауып беріңдерші. (Балалар іздейді таба алмайды. Сөйтіп, тұрғанда әндетіп Жылқы шығады.)

Жылқы: Ләй –лә- лә ләй (2-рет).

Аяз Ата: Жылқы жылым қош келдің!

Жылқы: Жылдың әнін бастайын,
Аяз Ата кеп қалды.

Ән: “ Жылқының әні”

Тәрбиеші: Жылқы жылым қош келдің! Жылқыдан көмек сұрайын. Сен бізге сиқырлы таяқты тауып берші.

Жылқы: Қазір тауып көрейік. (Жылқы шығып кетеді)

Би: “ Су толқыны”

Жылқы: Міне, сиқырлы таяғыңыз.

Аяз ата: Жарайсың, Жылқы жаным! (бетінен сүйеді.)

Қане, балалар, шырша шамын жағайық! Сиқырлы сөзімізді айтайық.

Қуант бізді, таңырқат,
Шамдарыңды жарқырат.
Жылқы жылым қош келдің,
Береке байлық әкелсін
Ескі жылым есірке,
Жаңа жылым жарылқа!

(Балалар қосылып шамын жағады.)

Тәрбиеші: Балалар, қанекей, Аяз Атамыз бен бірге шыршамызды ән –биге бөлейік.

Би: «Жаңа жыл» ортақ би (орындарына отырады)

Тәрбиеші: Сен де көңілдендің, сенің сіңілдерің де күтіп қалды.

Ән: «Ақшақарлар әні»

Ақшақар: Менің ұлпа қарларым маған ұшып келіндер.
(Ақшақарлар шеңберге тұра қалады Ақшақар би билейді)

Жаңа Жылқы жылымен көңілді өтсін тойымыз.

Тәрбиеші: Ойын ойнап, ән салмай өсер бала болар ма!

Ойын: «Кім жылдам?»

Аяз Ата: Менен де жылдам екенсіңдер. Ойындарың қандай қызықты!

Тәрбиеші: Жаңа жылда, жылма жылда
Аяз Ата келеді.

Ән: «Жаңа-жыл»

Тәрбиеші: Аяз Ата, сіз біздің балаларға сыйлық әкелдіңіз бе?

Аяз ата: Әрине, барлық сыйлық сандықтың ішінде болатын. Ақшақар қызым сандықтың кілті қайда? (Ақшақар иығымен білмеймін деген ишараны жасайды.)

Тәрбиеші: Қандай кілтті сұрап тұрсыз? Бағанағы шыршадағы ілініп тұрған кілт пе?

Аяз Ата: Ия, сол кілт.

Тәрбиеші: Аяз Ата, ол кілтті қу Түлкі алып кетті. Ол біздің шыршамызды да алып кеткісі келді.

Аяз Ата: Қап, әттеген-ай! Біз Ақшақар екеуміз түлкіні іздеп келейік.

(Осы кезде залға түлкі кіреді)

Түлкі: А-а бәлем! Таптым, сандық мұнда тұр екен. (Оны ашайын деп жатқанда, еріксіз бір күш оны артқа қарай итереді.)

Аяз Ата: Қу түлкі мұнда жүр. Қане кілтті маған бер. Балалар сыйлықтарын күтіп қалды.

Түлкі: Ой- ой, тағы не дейді. Сыйлық өзіме керек.

Аяз Ата: Ах! Бәлем! Олай болса өзіңнен көр. Мен сені қаттырып тастайын. “Қане таяғым түлкіні қатырып таста!” (Түлкі орнында қатып қалады.)

Түлкі: Әй! Аяз шал! Керегі жоқ. Қалпыма келтір, ой не істесем екен.

Аяз Ата: Бересің бе сандықтың кілтін.

Түлкі: Жоқ бермеймін.

Аяз Ата: Ендеше, солай тұр. Мен кеттім.

Түлкі: Жо-оқ, Аяз Ата, кетпеші беремін кілтінді, бірақта менің тілегімді орындасын. Жұмбақтарымды шешсін.

Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолын тоңады.

(Қар)

Терезеге қонады,
Әсем ою салады.

(Қырау)

Тікен-тікен тік пісте,
Қысы-жазы бір түсте.

(Шырша)

Жарайсыңдар, балалар! Жұмбақты жақсы шештіңдер. (Кілтті Аяз Атаға апарып береді.)

Аяз Ата: Қулықты қою керек. Онымен жақсылыққа бармайсың! (Кілтпен сандықты ашады) Барлықтарын өнерлі, білімді екенсіңдер. Алыс сапардан шаршап келгенде, шаршағанымдыда ұмытып кетіппін. Киімдерің қандай әдемі. Біздің сылығымызға риза болыңдар. Өсе беріңдер, өркендей беріңдер! Келесі кездескенше қош-сауболыңдар!

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар! Жаңа жыл бақыт, байлық, береке әкелсін. Осымен ертеңгілігіміз аяқталды. Сау болыңыздар!

8 Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік

I кіші топ

Балалар залға жүгіріп кіреді.

Жүргізуші: Той пердесін ашайық
Тоға шашу шашайық
Аналарды құрметтеп,
Ән маржанын шашайық.

Құрметті қонақтар! Сіздерді көктем мерекелеріңізбен құттықтаймыз!
Ақ жаулықты аналар,
Ырыс-құтым берекем,
Құтты болсын мерекең!

«Ақбота» тобының бүлдіршіндері сіздерге арнаған құттықтау әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Анам»

Тәрбиеші: Біздің бүлдіршіндеріміз күнде өсіп келеді. Оны балалар өздерінің әнімен қимылымен жеткізеді.

Қимылды ойын: «Күнде өсіп келеміз»

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, енді шеңберге біз тұралық ойын сауық құралық.

Ойын: «Қане қызық ойын бар»

Сайқымазақ екі аяғында шары байланған қолында сылдырмағы бар залға жүгіріп кіреді.

Сайқымазақ: Мен қайда ұшып келдім.

Тәрбиеші: Сайқымазақ, сен біздің балабақшаға келдің, біздің бүлдіршіндер аналарымызды мейрамымен құттықтайды.

Сайқымазақ: Мен де сіздермен бірге билегім келіп тұр.

Тәрбиеші: Иә, біздің балалар Топ-топ балақан биін билейді бізбен бірге билеңіз.

Би: «Топ-топ, балақан!»

Сайқымазақ: Тамаша! Көңіл күйім бір көтеріліп қалды.

Тәрбиеші: Сайқымазақ, сенің қолында әдемі сылдырмақтар бар екен, бізге ұнап тұр.

Сайқымазақ: Сендер маған әдемі ән салып беріңдерші, мен сендерге осы сылдырмақтарымды берейін.

Ән: «Сылдырмақ»

Сайқымазақ: Бәрекелді, балалар! Әндерін қандай әсем! Менің сыйлығымды алып, көңілдерінді көтеріңдер! Ал, енді мен кеттім, сау болыңдар!

Тәрбиеші: Осымен біздің бүлдіршіндеріміздің ойын-сауық мерекесі аяқталды. Назар қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет!

Көңілді әуенмен бүлдіршіндер шығады.

В новогоднем лесу

I младшая группа

Дети под музыку входят в зал.

Ведущий: Что за елку нам принес
Добрый Дедушка Мороз?
Как стройна и величава,
Посмотрите слева, справа! (дети рассматривают елку)
Небавалой красоты,
Небывалой высоты,
Иголочка к иголочке,
Чудо, что за елочка!
Здравствуй, здравствуй, елочка!
Здравствуй, Новый год!
Вокруг зеленой елочки мы встанем в хоровод.

Песня «Фонарики»

Ведущий: Наша елочка и пушиста и стройна, но огоньки на ней не горят.
Что делать?

Может похлопаем? (хлопают) – не горит.
Может потопаем? (топают) – не горит.
Ну-ка погрозим пальчиком? (грозят) – опять не горит.
Я поняла. Нужно всем сказать волшебные слова:
Раз, два, три, елочка – гори! (елка загорается)
А теперь подуем на нее (дуют) – потухла елочка.

Давайте еще раз скажем волшебные слова:
Раз, два, три, елочка – гори! (елка загорается)
Дети рассаживаются на стульчики. Воспитатель что-то находит под елкой.

Ведущий: Ой, смотрите-ка, ребята, что под елочкой лежит. Да это же рукавичка, вот другая. (поднимает)

Чьи же это рукавички.
Кто под елочкой плясал
И рукавичку потерял?
Звучит музыка. Входит зайчик.

Заяц: Здравствуйте, ребята!
Я бежал к вам из лесочка
По хрустящему снежочку.
Вы лисички не видали? (оглядывается) Она целый день за мной охотится (дрожит) Спрячьте меня, пожалуйста.

Ведущий: Ты не бойся, зайчик. Мы тебя не дадим в обиду. Дети, не дадим в обиду зайчика? (да) Ребята давайте развеселим нашего зайчика.

Зайчик: Я вижу среди вас тоже есть зайчики? Я бы хотел со своими друзьями потанцевать.

Ну-ка, зайцы, выходите,
Веселый танец покажите.

Танец зайчиков.

Под музыку входит лиса. Заяц прячется за ведущей.

Лиса (принюхиваясь): Что-то здесь зайчиной запахло. Уж не здесь ли прячется косой?

Заглядывает за ведущую. Видит зайца, хочет его поймать. Ведущая не дает.

Ведущий: Постой, постой, лиса! Разве можно такое устраивать на празднике? Скоро придет Дедушка Мороз, ему не понравится то, что ты обижаешь зайчика.

Лиса: (уже поймав зайца, сразу начинает его гладить по голове): А кто его обижают, никто не обижают. Я же пошутила. Я так с ним играю. Вы шуток не понимаете? А я знаю такую игру с зайцем. Очень веселая игра. Давайте сыграем.

